


«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ
«Көпсалалы облыстық аурухана» МКК
2024 ж. 13 ақпан № 59-ө бұйрығымен
Бекітемін
Бас дәрігер  Е.Е. Узганов

ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

тендерді ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілерге тендерлік өтінімдерді дайындау және медициналық бұйымдарды сатып алу жөніндегі тендерге қатысу бойынша ұсынатын

Тапсырыс беруші және ұйымдастырушы: «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Көпсалалы облыстық аурухана» МКК,

Ақтөбе қаласы, Пацаев көшесі 7

БСН 990140004783

ЖСК KZ1696515F0008456533

АО "ForteBank" АҚ, Ақтөбе қаласы

БСК IRTYKZKA

Тапсырыс берушінің өкілі (Ұйымдастырушы) Д.Б. Сағынжанов – сатып алу жөніндегі менеджері, тел.: 55 04 00, e-mail: 550400@inbox.ru

Тендерлік құжаттама электрондық жеткізгіштерде тегін ұсынылады.

1. Жалпы ережелер

1) Тендер медициналық бұйымдарды жеткізушіні таңдау мақсатында өткізіледі.

Сатып алуға бөлінген сома 108 581 522 (жүз сегіз миллион бес жүз сексен бір мың бес жүз жиырма екі) теңге.

2. Осы тендерлік құжаттама мыналарды қамтиды:

- 1) осы тендерге 1-қосымшаға тендер өткізу туралы хабарландыру;
- 2) нысан бойынша заңды және жеке тұлғалар үшін тендерге қатысуға өтінім осы тендерлік құжаттамаға 2 - қосымшаға сәйкес;
- 3) Әлеуетті өтінімге қоса берілетін құжаттар тізімдемесін толтыру нысаны;
- 4) Қатысушылардың немесе акционерлердің ағымдағы құрамы туралы үзінді көшірме шешімдерді қабылдауға әсер ететін әлеуетті өнім берушінің;
- 5) баға кестесінің үлгісі;
- 6) 3-қосымшаға сәйкес банк кепілдігінің үлгісі;
- 7) 1-қосымшаға сәйкес шарттың жобасы.
- 8) тендерлік құжаттамаға техникалық ерекшелік;

2. Тендерлік өтінімді кепілдік қамтамасыз ету.

3. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтініммен бірге дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді:

1) келесі банктік шотта орналастырылатын ақша кепілі:

ЖСК KZ1696515F0008456533

АО "FORTEBANK" АҚ, АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

БСК IRTYKZKA

2) осы тендерлік құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк кепілдігі.

4. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерге қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімінен кем болмауы тиіс.

5. Кепілдік қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге келесі жағдайларда бес жұмыс күні ішінде қайтарылады:

1) әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алу;

- 2) тендерлік құжаттаманың ережелеріне сәйкес келмеу негізінде тендерлік өтінімді қабылдамау;
- 3) басқа әлеуетті өнім берушінің тендерді жеңімпаз деп тануы;
- 4) тендер жеңімпазын айқындамай сатып алу рәсімдерін тоқтату;
- 5) сатып алу шартының күшіне енуі және тендер жеңімпазы сатып алу шартының орындалуын кепілдік қамтамасыз етуді енгізуі.

6. Кепілдік қамтамасыз ету әлеуетті жеткізушіге қайтарылмайды, егер ол:

- 1) тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді кері қайтарып алды немесе өзгертті;
- 2) жеңімпаз тендер жеңімпазы деп танылғаннан кейін сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызмет көрсету шартын жасасудан жалтарған;
- 3) жеңімпаз деп танылды және сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартты кепілдік қамтамасыз етуді енгізбеді не уақтылы енгізбеді.

3. Сатып алуды ұйымдастырушының тендерлік құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті өнім берушілерге оның ережелерін түсіндіруі

7. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде тапсырыс берушіге, сатып алуды ұйымдастырушыға тендерлік құжаттама бойынша түсініктеме беруге жүгінеді, оларға тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау салу авторын көрсетпей түсініктеме береді, ол сұрату келіп түскен күнде тендерлік құжаттама алған барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберіледі.

8. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы қажет болған кезде өз бастамасымен немесе әлеуетті өнім берушілердің сұратуына жауап ретінде тендерлік құжаттамаға өзгерістер енгізеді, бұл туралы тендерлік өтінімдер ұсынған немесе тендерлік құжаттаманы алған барлық әлеуетті өнім берушілерге дереу хабарланады. Бұл ретте тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік бес күнге ұзартылады.

9. Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы қажет болған кезде тендерлік құжаттамада айқындалған жерде және уақытта тендер шарттарын түсіндіру үшін әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізеді, бұл туралы кездесудің барысы және мазмұны туралы мәліметтер қамтылатын құжаттама жасалады, ол тендерлік өтінімдер ұсынған немесе тендерлік құжаттама алған барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберіледі.

4. Тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар және әлеуетті өнім берушілердің тендер тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімдері бар конверттерді ұсынуы Тендерге.

10. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін тендерлік құжаттама ережелеріне сәйкес жасалған тендерлік өтінімді жабық күйінде тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынады.

11. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түскен тендерлік өтінім ашылмайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

12. Тендерлік өтінім негізгі бөліктен, техникалық бөліктен және кепілдікті қамтамасыз етуден тұрады.

13. Бірлесіп орындаушы тартылған жағдайда әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімге, сондай-ақ осы Қағидалардың 21, 31, 41, 51, 61 және 71 тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса береді.

14. Тендерлік өтінімнің негізгі бөлігі:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тендерге қатысуға өтінімді. Электрондық жеткізгіште денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өтінімге қоса берілетін құжаттар тізімдемесі ұсынылады;

2) заңды тұлға үшін жарғы көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылар немесе акционерлер құрамы көрсетілмесе, құрылтайшылар, қатысушылар құрамы туралы үзінді немесе құрылтай шартының көшірмесі немесе хабарландыру күнінен кейінгі қолданыстағы акция ұстаушылардың тізілімінен үзінді ұсынылады);

3) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесі;

4) медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге және (немесе) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензия көшірмелерін не "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" заңға сәйкес электрондық құжат түрінде алынған көшірмелерін, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталады (жіберіледі). Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" заңға сәйкес алынған фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге және (немесе) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат куәландырган көшірмесін ұсынады;

5) мыналар:

объектінің және өндірістің тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына сәйкестігі туралы;

объектінің тиісті дистрибуторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы;

объектінің тиісті дәріханалық практика (GPP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификатының көшірмелерін;

6) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша баға ұсынысын;

7) тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасын қамтиды.

15. Тендерлік өтінімнің техникалық бөлігі:

1) мәлімделген дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің нақты техникалық сипаттамасы көрсетілген қағаз жеткізгіштегі техникалық ерекшелікті (медициналық техниканы, сондай-ақ "docx" форматында электрондық жеткізгіште мәлімдеген кезде);

2) дәрілік затты және (немесе) медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың немесе Қазақстан Республикасына әкелуге және қолдануға денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қорытындысының (рұқсатының) көшірмесін.

16. Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген және өндірілген дәрілік заттарға және (немесе) медициналық бұйымдарға: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы әкелінгенін, оны әлеуетті өнім берушінің кіріске алғанын растайтын құжаттың көшірмелері; отандық тауар өндірушінің өндіруі, "Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызметін көрсету және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларына сәйкес берілген қауіпсіздік туралы қорытынды ұсынылады;

3) егер әлеуетті өнім беруші тиісті дистрибуторлық практика (GDP) немесе тиісті өндірістік практика (GMP) немесе тиісті дәріханалық практика (GPP) сертификатын ұсынбаса, өтінімдер салынған конверттерді ашу күніне дейін бір және одан аз жыл бұрын берілген "салқындату тізбегінің" бар болуы туралы санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісін қамтиды.

17. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтініммен бірге дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді.

18. Тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету):

1) тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын сатып алуды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарна;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша банк кепілдігі түрінде ұсынылады.

19. Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге бес жұмыс күні ішінде:

1) тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім беруші оны кері қайтарып алған;

2) тендерлік құжаттама ережелеріне сәйкес келмеу негіздемесі бойынша тендерлік өтінім қабылданбаған;

3) басқа әлеуетті өнім беруші тендер жеңімпазы деп танылған;

4) сатып алу рәсімі тендер жеңімпазын айқындамай тоқтатылған;

5) сатып алу шарты күшіне енген және тендер жеңімпазы сатып алу шартын орындауды кепілдікті қамтамасыз етуді енгізген жағдайда қайтарылады.

20. Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге, егер:

1) ол тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді кері қайтарып алса немесе өзгертсе;

2) тендер жеңімпазы деп танылғаннан кейін жеңімпаз сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарт жасаудан жалтарса;

3) жеңімпаз деп танылса және сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартты кепілдікті қамтамасыз етуді енгізбесе не уақтылы енгізбесе, қайтарылмайды.

21. Техникалық ерекшелік тігілген және нөмірленген түрде ұсынылады, соңғы беті әлеуетті өнім беруші өкілінің қолтаңбасымен бекітіледі.

22. Тендерлік өтінімнің техникалық ерекшелігі және сатып алуды кепілдікті қамтамасыз етудің түпнұсқасы тендерлік өтінімге бөлек қоса беріледі және тендерлік өтініммен бір конвертке салынып жабылады.

23. Конвертте әлеуетті өнім берушінің атауы мен заңды мекенжайы қамтылады, ол тендерлік құжаттамада көрсетілген мекенжай бойынша тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға жіберілуге тиіс және " ШЖҚ «Ақтөбе облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ «Көпсалалы облыстық ауруханасы» МКК тендер тәсілімен мынадай медициналық бұйымдарды сатып алуды өткізу туралы хабарлайды: медициналық бұйымдар (тендердің атауы көрсетіледі) сатып алу жөніндегі тендер" және "2024 жылғы 5 наурыз сағат 11.00 аралығында (тендерлік құжаттамада көрсетілген конверттерді ашу күні мен уақыты көрсетіледі) дейін ашпаңыз" деген сөздер қамтылады.

5. Әлеуетті өнім беруші қажет болған жағдайда өтінімді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін жазбаша нысанда кері қайтарып алады.

24. Тендерлік өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

25. Тендерлік өтінім басылып шығарылады не өшірілмейтін сиямен жазылады, тігілген және нөмірленген түрде ұсынылады, соңғы беті әлеуетті өнім беруші өкілінің қолтаңбасымен бекітіледі.

26. Грамматикалық немесе арифметикалық қатені түзету қажет болған жағдайды қоспағанда, тендерлік өтінімнің мәтініне жолдар арасына қосымша жазулар жазуға, сөздерді өшіруге немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

6. Тендерге қатысуға өтінім беру тәртібі.

27. 2024 жылдың 5 наурыз сағат 09.00-ге дейінгі мерзімде тендерге қатысуға өтінімдерді әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері сатып алуды ұйымдастырушыға қолма – қол немесе тапсырысты почта байланысын пайдалана отырып Ақтөбе қаласы, Пацаев көшесі, 7, әкімшілік корпус, №1 кабинет, тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдауға және тіркеуге жауапты тұлға – Д.Б.Сағынжанов, Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер.

Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін алған барлық тендерлік өтінімдер ашылмайды және конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша оларды ұсынған әлеуетті өнім берушілерге тендерге қатысуға өтінімдермен не әлеуетті өнім берушілердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алғаны туралы кол хатпен қайтарылады.

28.Тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері ұсынған өтінімдерді тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдау күні мен уақыты, тендерлік өтінім салынған конвертті ұсынған тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетіле отырып, тендерлік комиссияның хатшысы тиісті журналда тіркейді.

29.Осы тендерлік құжаттамада көзделген тендерге қатысуға арналған тендерлік өтінімдері бар конверттерді рәсімдеуге қойылатын талаптарды бұза отырып, тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттер қабылдануға және тіркелуге жатпайды.

7. Тендерлік өтінімдерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу.

30. Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін оны жазбаша нысанда кері қайтарып алады.

31. Әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімді кері қайтарып алу туралы хабарламасы тендерді ұйымдастырушыға жазбаша нысанда, бірақ тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

32. Тендерлік өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

8. Тендерлік комиссияның тендерді сатып алу тәсілімен қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашуы.

33. Тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашуды тендерлік комиссия 2024 жылдың 5 наурыз сағат 11.00 минутта Ақтөбе қаласы, Пацаев көшесі, 7, "«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШДЖҚ «Көпсалалы облыстық аурухана» МКК, әкімшілік корпус, бас дәрігер кабинеті мекенжайы бойынша жүргізеді.

34. Сатып алуды ұйымдастырушының хабарландыруында (хабарламасында) және осы тендерлік құжаттамада белгіленген мерзімдерде және тәртіппен ұсынылған әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері бар конверттер ашуға жатады.

35. Әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде қатысуға құқылы.

36.Тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашу рәсіміне қатысып отырған әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдері өздерінің қатысуын растай отырып, өздерінің өкілеттіктерін растайтын құжаттарды көрсетуі және 2024 жылғы 5 наурыз сағат 11.00 аралығында Ақтөбе қаласы, Пацаев көшесі,7, әкімшілік корпус, №1 кабинет мекенжайы бойынша әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналында тіркелуі тиіс

37. Әлеуетті өнім берушілер және олардың уәкілетті өкілдері конверттерді ашу рәсіміне дейін тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашу рәсімін жазу үшін пайдалануға ниетті аудиожазба мен бейнетүсірілімнің техникалық құралдары туралы тендерлік комиссияға хабарлайды.

38. Тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысына қатысатын әлеуетті өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, тендерлік комиссияның, тендерлік комиссия хатшысының қызметіне араласуына жол берілмейді.

39.Тендерлік комиссияның аталған отырысында:

- осы тендерлік құжаттамада көрсетілген мәліметтері бар тендерлік комиссияның хатшысы қатысушыларды хабарлар етеді :

- тендерлік комиссияның құрамы, тендерлік комиссияның хатшысы туралы;
- тендерлік құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілердің саны;
- әлеуетті өнім берушілердің сұрауларының болуы не болмауы, сондай-ақ тендерді ұйымдастырушының тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізуі;

- тендерге қатысатын әлеуетті өнім берушілердің атауы мен мекенжайы, олар ұсынған бағалар, жеткізу және төлеу шарттары, тендерлік өтінімдерді кері қайтарып алу және өзгерту, егер олар құжаттамада көрсетілсе, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттардың болуы туралы ақпаратты және осы ақпаратты тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасында тіркейді.

40. Тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасына отырысқа қатысып отырған тендерлік комиссияның барлық мүшелері, оның төрағасы, оның орынбасары, сондай-ақ тендерлік комиссияның хатшысы қол қояды және әр парағына қол қояды.

41. Тендерлік комиссияның көрсетілген отырысы хаттамасының көшірмесі тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысына қатысқан әлеуетті өнім берушілерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне тендерлік комиссияның көрсетілген отырысы өткен күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал жоқ адамдарға - олардың жазбаша сұрау салуы бойынша тендерлік комиссияның көрсетілген отырысы өткен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде беріледі сұрау алу.

9. Тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдерді бағалауды және салыстыруды жүзеге асырады.

42. Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық не тарату рәсіміне қатыстылығы бөлігінде олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық немесе тарату рәсімінің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылған ақпаратты қарайды.

10. Отандық тауар өндірушілерді және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өндірушілерін қолдау:

43. Егер лот бойынша сатып алуға отандық тауар өндіруші және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭҚ) мүше мемлекеттердің өндірушісі болып табылатын, хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін өтінім берген бір әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда мұндай әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

44. Егер лот бойынша сатып алуға өтінімдері хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін отандық тауар өндірушілер және (немесе) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өндірушілері болып табылатын екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда, онда олардың арасындағы жеңімпаз ең төмен баға бойынша айқындалады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

45. Сатып алуды өткізу кезінде әлеуетті өнім берушінің отандық тауар өндіруші мәртебесі мынадай құжаттармен расталады:

1) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды өндіру бойынша фармацевтикалық қызметке лицензия;

2) Кодекстің ережелеріне және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес берілген, өндіруші ретінде отандық тауар өндіруші көрсетілген дәрілік затқа немесе медициналық бұйымға арналған тіркеу куәлігі.

46. Шарт немесе өнім берудің ұзақ мерзімді шартына қосымша келісім жасалған кезде отандық тауар өндіруші берілетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға ішкі айналысқа арналған дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың шығу тегі туралы "СТ KZ" сертификатын ұсынады.

47. Әлеуетті өнім беруші – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер өндірушісінің мәртебесі мынадай құжаттармен расталады:

1) дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды өндіру бойынша фармацевтикалық қызметтер көрсетуге лицензия;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың тіркеу және сараптама қағидаларына сәйкес келетін тіркеу куәлігі (Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 78 және 2016 жылғы 12 ақпандағы № 46 шешімдеріне сәйкес).

11. Кәсіпкерлік бастаманы қолдау.

48. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес объектінің:

1) дәрілік заттарды сатып алу және дәрілік заттарды берудің ұзақ мерзімді шарттарын жасасу кезінде тиісті өндірістік практика (GMP);

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды және фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дистрибуторлық практика (GDP);

3) фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дәріханалық практика (GPP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификат алған әлеуетті өнім берушілер шарттар жасау артықшылығына ие болады.

49. Сатып алу шартын немесе өнім беру шартын жасасуға артықшылық алу үшін өтінімге:

1) отандық тауар өндірушілер дәрілік заттарды сатып алу және дәрілік заттарды берудің ұзақ мерзімді шарттарын жасау кезінде объект пен өндірістің Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты қоса береді;

2) әлеуетті өнім берушілер дәрілік заттарды сатып алу кезінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған объектінің тиісті дистрибуторлық практикаға (GDP) сәйкестігі туралы сертификатты қоса береді;

3) әлеуетті өнім берушілер және (немесе) олардың бірлесіп орындаушылары фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде объектінің Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған тиісті дәріханалық практикаға сәйкестігі (GPP) туралы сертификатты қоса береді.

50. Егер лот бойынша сатып алуға хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін өтінім мен объектінің тиісті өндірістік практика (GMP) немесе тиісті дистрибуторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты берген бір әлеуетті өнім беруші ғана қатысса, мұндай әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

51. Егер лот бойынша сатып алуға хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін тендерлік өтінім және объектілердің тиісті өндірістік практика (GMP) немесе тиісті дистрибуторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификаттарды берген екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысса, олардың арасында жеңімпаз ең төменгі баға бойынша айқындалады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

52. Егер лот бойынша сатып алуға дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінің деректеріне толық әрі дәл сәйкес келетін тіркеу куәлігін немесе дәрілік затты және (немесе) медициналық бұйымды Қазақстан

Республикасына әкелуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган рұқсатының (қорытындысының) нөмірін ұсынған екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысса, басым құқық тіркеу куәлігін ұсынған әлеуетті өнім берушілерге беріледі, бұл ретте олардың арасындағы жеңімпаз ең төмен баға бойынша айқындалады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

53. Тендерлік комиссия:

1) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету ұсынылмаған;

2) жарғы көшірмесі немесе құрылтайшылар, қатысушылар құрамы туралы үзінді немесе акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді немесе осы Қағидаларда көзделген жағдайда құрылтай шартының көшірмесі ұсынылмаған;

3) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға үшін) құжаттың көшірмесі ұсынылмаған;

4) медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге және (немесе) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензия көшірмелерін не "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес электрондық құжат түрінде алынған көшірмелерін, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталады (жіберіледі). Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге және (немесе) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады;

5) тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде бюджетке берешегі, міндетті зейнетақы жарнасы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары және (немесе) жарналары бойынша берешек (олар бойынша төлем мерзімдері өзгертілген, берешектің жалпы сомасында көрсетілмеген соманы қоспағанда) туралы ақпарат болған;

6) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес техникалық ерекшелік ұсынылмаған;

7) әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынған;

8) біліктілік талаптары және осы Қағидалар шеңберінде сатып алынатын дәрілік заттарға және (немесе) медициналық бұйымдар мен көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар бойынша дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі анықталған;

9) банкроттық не тарату рәсіміне қатыстылығы болған;

10) ұсынылған дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің осы Қағидалардың 4-тарауында көзделген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар ұсынылмаған;

11) фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші – тиісті дистрибуторлық практика сертификатын (GDP), отандық тауар өндіруші – объектінің тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты, тиісті дәріханалық практика сертификатын (GPP) ұсынған жағдайды қоспағанда, қажет болған кезде "салқындату тізбегінің" болуы туралы санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісінің көшірмесі ұсынылмаған;

12) егер мәлімделген медициналық техниканың техникалық сипаттамасы тіркеу куәлігінде және (немесе) тіркеу деректерінде айқындалған техникалық сипаттамаға және (немесе) жинағына сәйкес келмеген;

13) осы Қағидалардың 10-тармағының талаптарына сәйкес келмеген;

14) осы Қағидалардың 15, 21-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

15) егер тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік құжаттама шарттарында көрсетілгеннен неғұрлым қысқа болған;

16) баға ұсынысы ұсынылмаған не баға ұсынысы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысанда ұсынылмаған;

17) әлеуетті өнім беруші дәрілік зат және (немесе) медициналық бұйым бағасын тиісті лот бойынша сатып алу үшін бөлінген бағасынан және (немесе) халықаралық патенттелмеген атауының шекті бағасынан және саудалық атауы бойынша шекті бағадан жоғары ұсынған;

18) тендерлік өтінім тігілмеген түрде, беттері нөмірленбей, қолтаңбамен бекітілмей, конвертте әлеуетті өнім берушінің, тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының атауы немесе заңды мекенжайы көрсетілмей ұсынылған;

19) әлеуетті өнім беруші және (немесе) бірлесіп орындаушы қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

20) осы Қағидалардың талаптарын бұзып үдестес болу фактісі анықталған жағдайда тендерлік өтінімді тұтастай немесе лот бойынша қабылдамайды.

54. Егер тендер тұтастай немесе оның қандай да бір лоты өткен жоқ деп танылса, тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы тендердің мазмұны мен шарттарын өзгертеді және осы Қағидалардың 9-1-тарауына сәйкес қайта тендер өткізеді.

55. Егер тендер тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін бір ғана өтінімнің берілуі негізінде тұтастай немесе оның қандай да бір лоты бойынша өткізілмеген деп танылса, онда тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы осы өтінімді берген әлеуетті өнім берушіден сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырады.

56. Тендер тәсілімен сатып алу немесе оның қандай да бір лоты мынадай негіздемелердің бірі бойынша:

1) тендерлік өтінімдер болмаса;

2) әлеуетті өнім берушілердің барлық тендерлік өтінімдері қабылданбаса, өткізілмеді деп танылады.

57. Тендер жеңімпазы тендерлік өтінімдері тендерлік комиссия ең төмен баға ұсынысы негізінде хабарландыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес деп танылған әлеуетті өнім берушілер арасынан айқындалады.

Лот бойынша бәсекелестік болмаған немесе лот бойынша бәсекелестің тендерлік өтінімдері қабылданбаған кезде тендерлік өтінімін тендерлік комиссия хабарландыру шарттары мен осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін жалғыз өтінім деп таныған әлеуетті өнім беруші тендер жеңімпазы болып танылады.

58. Тендер қорытындылары туралы хаттама сатып алуды ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылады.

12. Тендер қорытындысы бойынша сатып алу туралы шарт.

59. Тапсырыс беруші тендер қорытындысы шығарылған күннен не сатып алуды ұйымдастырушыдан сатып алу қорытындысын алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде әлеуетті өнім берушіге қол қойылған сатып алу шартын немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша жасалатын фармацевтикалық қызметтерді көрсетуге арналған шартты жібереді.

60. Шартты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тендер жеңімпазы оған қол қояды не тапсырыс берушіні оның талаптарымен келіспейтіні немесе қол қоюдан бас тартатыны туралы жазбаша хабардар етеді.

61. Көрсетілген мерзімде қол қойылған шартты немесе талаптармен келіспеу туралы хабарламаны ұсынбау шарт жасасудан бас тарту болып саналады. Келіспеушілікті қарау мерзімі шарт жасасудан бас тартуды ұсынған күннен бастап екі жұмыс күнінен аспайды.

62. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, сатып алу шарты немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарт тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

63. Егер тендердің жеңімпазы белгіленген мерзімде сатып алу шартына немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартқа қол қоюдан жалтарса немесе тапсырыс берушіге оның талаптарымен келіспейтіні туралы хабарламаса, онда тапсырыс беруші осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін және баға ұсынысы жеңімпаздың ұсынысынан кейін екінші болып табылатын тендерге қатысушымен шарт жасасады.

64. Шартқа өнім берушіні таңдау үшін негіз болып табылған ұсыныстың мазмұнын өзгертетін қандай да бір өзгерістерді және (немесе) жаңа талаптарды енгізуге (дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың бағасын, көлемін азайтуды қоспағанда), оның ішінде шартта көрсетілген саудалық атауды басқа саудалық атаумен ауыстыруға жол берілмейді.

65. Өнім берушіні таңдауға негіз болған дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымның құрамы немесе сипаттамасы өзгермеген жағдайда жасалған шартқа:

1) тараптардың өзара келісімі бойынша дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың бағасын және тиісінше шарттың бағасын азайту бөлігінде;

2) тараптардың өзара келісімі бойынша дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің көлемін азайту бөлігінде өзгерістер енгізуге жол беріледі.

66. Тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының аудио және бейне тіркеуді қолданып, сатып алу шартына және фармацевтикалық қызметтерді көрсетуге арналған шартқа қол қойғанға дейін дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың не фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің бағасын азайту мақсатында тендер жеңімпазы деп танылған әлеуетті өнім берушімен келіссөз жүргізуге жол беріледі. Әлеуетті өнім беруші өз қалауы бойынша дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің бағасын азайтуға келісетіні немесе келіспейтіні туралы шешім қабылдайды, бұл тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының тендер жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім берушімен шартқа қол қоюдан бас тартуы үшін негіз болып табылмайды.

13. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу тәртібі.

67. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтініммен бірге дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді.

68. Тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету):

1) тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын сатып алуды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарна;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша банк кепілдігі түрінде ұсынылады.

69. Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге бес жұмыс күні ішінде:

1) тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім беруші оны кері қайтарып алған;

2) тендерлік құжаттама ережелеріне сәйкес келмеу негіздемесі бойынша тендерлік өтінім қабылданбаған;

3) басқа әлеуетті өнім беруші тендер жеңімпазы деп танылған;

4) сатып алу рәсімі тендер жеңімпазын айқындамай тоқтатылған;

5) сатып алу шарты күшіне енген және тендер жеңімпазы сатып алу шартын орындауды кепілдікті қамтамасыз етуді енгізген жағдайда қайтарылады.

70. Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге, егер:

1) ол тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді кері қайтарып алса немесе өзгертсе;

2) тендер жеңімпазы деп танылғаннан кейін жеңімпаз сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарт жасаудан жалтарса;